




КӘСІПОРЫН ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕРІ, РЕНТАБЕЛЬДІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

*Бизнес және кәсіпкерлік мектебінің аға
оқытушысы: Сырымбек Маржан*



Пайда дегеніміз — тауар өткізуден және қызмет көрсетуден алынған ақшалай кіріс пен оны өндіруге және сатуға жұмсалған шығындардың айырмасы.

Пайда — бұл өндірістің қаржылық қорытындысын білдіретін кәсіпорын қызметінің нәтижелі экономикалық, көрсеткіші.

Кәсіпорынның қаржылық нәтижелері келесі көрсеткіштер жүйесімен сипатталады:

Жалпы кәсіпорынның ақшалай түсімі :

$$Түсімі = Ц \times Q \quad (1)$$

$$Түсімі = D_{нег} + D_{басқ} + D_{тыс} \quad (2)$$

Мұнда $D_{нег}$ – негізгі қызметтен түскен табыс;

$D_{басқ}$ – кәсіпорынның басқадай коммерциялық қызметінен түскен табыс;

$D_{тыс}$ - өнім өткізуден тыс операциялар бойынша табыс.

Кәсіпорынның негізгі қызметі бойынша салық салынатын табысы :

$$D_{cc} = D_{нег} - B \quad (3)$$

мұнда B – ҚР кодексіне сәйкес алымдар.


Таза табыс мөлшері мына түрде есептеледі:

$$D_{таза} = D_{сал} - ПН \quad (4)$$

$D_{сал}$ – кәсіпорынның салық салынатын табысы;

ПН – табысқа салынатын салық, 20%.

Таза табыс кәсіпорын жұмысының тиімділігін сипаттайды.



Тиім таза табыс пен шығындар арақатысы арқылы есептеледі. Бұл үшін рентабельділік көрсеткіші қолданылады. Рентабельділік – бұл кәсіпорынның иелігіндегі таза табысы мен ресурстарының ара салмағын көрсететін салыстырмалы көрсеткіш.

Шығын рентабельділігі анықталады:

$$R_{шығ} = (D_{таза}(D_{обл}) / C_{жалпы}) * 100\% \quad (5)$$

Негізгі қор рентабельділігі

$$R_{оф} = (D_{таза}(D_{обл}) / C_{оф}) * 100\% \quad (6)$$

Айналым қор рентабельділігі

$$R_{айн} = (D_{таза}(D_{обл}) / C_{айн}) * 100\% \quad (7)$$

Өндіріс рентабельділігі

$$R_{оф} = (D_{таза}(D_{обл}) / (C_{оф} + C_{айн})) * 100\% \quad (8)$$

Меншік капитал рентабельділігі:

$$R_{MK} = (D_{таза} / MK) * 100\% \quad (9)$$

мұнда MK – кәсіпорынның меншік капиталы.

Сату рентабельділігі:

$$R_{сату} = (D_{таза} / D_{обл}) * 100\% \quad (10)$$

Жалпы рентабельділік көрсеткіші кәсіпорын пайдаланған ресурстың бірлік құнына қанша тенге таза немесе салық салынатын табыс алатынын көрсетеді

❖ **Q_{кр} - өндірістің зиянсыздық көлемі немесе
сындық көлем**


❖ **Q_{кр} = Тұрақты шығындар / (ц - v)**

v - бірлік ауыспалы шығын

Табыс = Шығын

Зиянсыздық көлемі графигі






***Бекемдік қор коэффициенті мына
формуламен анықталады:***

(коэффициент запаса прочности)

$$***K_3 = Q / Q_{кр}***$$

Есептер:

- 1) Баға 600 тг, шығарылған өндіріс көлемі – 1200 дана, сұраныс көлемі -1100 дана болса, фирманың тауар өткізуден түскен түсімі қанша болады?
- 2) Кәсіпорын негізгі капиталы 760 мың тг, айналым капиталы 480 мың тг қорымен 645 мың тенге таза пайда алған болса өндірістік рентабельділік неге тең ?



**Көңіл қойып
тыңдағандарыңызға
рахмет!**